

Шардара ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 28 мамырдағы N 325 "Кәсіптік лицей, колледж және жоғарғы оқу орындарын бітірушілерге жастар тағылымдамасын ұйымдастыру туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 7 маусымдағы N 401 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 12 шілдеде N 14-15-97 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 7 ақпандағы N 66 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 2011.02.07 N 66 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заңының 27-бабына және Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2010 жылдың 31 наурыздағы № 259 «Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер мен нысаналы даму трансферттерін және республикалық ұйымдарға бөлінетін қаражатты пайдалану ережесін бекіту туралы» қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Кәсіптік лицей, колледж және жоғарғы оқу орындарын бітірушілерге жастар тағылымдамасын ұйымдастыру туралы» Шардара ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 28 мамырдағы № 325 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 14-15-76 нөмірімен тіркелген, 2009 жылғы 4 маусымдағы «Шартарап-Шарайна» газетінің № 23 нөмірінде жарияланған) қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

қаулының 7-тармағы мынадай мазмұндағы жаңа редакцияда жазылсын:

«Жастар тағылымдамасына қатысушылардың ай сайын нақты жұмыс атқарған уақыты үшін ағымдағы нысаналы трансферттерден аударылатын орташа айлық аудармалар мөлшерін міндетті зейнетақы жарналары мен жеке табыс салығын» қоса алғанда, жұмысқа орналастырылатын жоспарлы саны мен қатысу мерзімін ескере отырып, Уәкілетті органмен төленеді».

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары **О. Бердешовке** жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

М.Мараим

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК